

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№36			
Күндері		16.05 - 20.05.2022			
Өтпелі тақырыптың атауы		Жайдары жаз келді! / Вот и лето пришло / Summer			
Мекеменің атауы, тобы		Бқбек лүпілі жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Далабаева .М.Қ.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен өңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Өңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?"				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауды қадағалау; өз орамалының орнын тауып, қолын сүртіп, орнына ілуге, өзінің және өзге балалардың қол тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншықтар бұрышында сөренің шаңын сүртуге қатыстыру; ойыннан кейін ойыншықтарды өз орындарына тізімдеп қоюға, қораптарға салуға шақыру, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруды қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу. Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары. Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді. "Доп". Доп, доп, доп, доп домалақ, Тыншымайсың домалап. Ас құйып ем күшікке, Үлгермеді ішіп те ... Төңкердің де табағын, Төгіп кеттің тамағын. Доп, доп, доп, доп домалақ, Осы әдетің жаман-ақ! Ә. Көкілбаев Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай допты салады.	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Жауын" (орыс тілінен аударма) Мақсаты. Балаларды, жауын туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту; жаңбыр жауыны туралы алғашқы ұғымдарды бекіту. Педагог жаңбыр туралы суретті (күннің ашылғаны да туралы) немесе бейнежазбаны көрсете алады. "Жауын" Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	"Пирамиданы құрастыр" үстел ойыны. Мақсаты. Балаларды пирамиданы үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; сақиналарды (немесе қағаз сопақшаларын) көлемдері бойынша ажыратуда жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі түрлі сақиналар мен пирамида діндегін немесе қатпа қағаздан қиылған, көлемі және түсі әртүрлі сопақша кескіндерін табақшаға салып қояды. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар, педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдарды жасайды. - Түрлі түсті сақиналар, Көлемі түрлі сақиналар. Пирамиданы жинайық, Жинайық та қуанайық.	"Лағым" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, ешкінің төлі лақ туралы ұғымдарын жетілдіру; көркем сөзді мәнерлеп айтуға ынталандыру. Құралдар: лақтың ойыншығын немесе суретін пайдалану. "Лағым". Секір, секір, лағым, Тартқанша құмарың! Желпілдесін жел күнгі, Жапырақша құлағың. Сырт-сырт етіп тұяғың, Би билеші, лағым! Ырғып өтіп жырадан, Басына шық қияның. Ақ лағым, ақ лақ, Мазалама маңырап. Бөпеме де сүт керек, Кете көрме жамырап! С. Желдірбаева	"Мозаика" үстел ойыны. Мақсаты. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың төбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. - Дастарханның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай ...				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Жазды қарсы алайық, Аулаға шығайық, Бір-бірімізді қолпаштап, Дос болайық.				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Алуан түсті алақан". Мақсаты. Балалардың әрқайсысының әртүрлі түстегі қою бояуға малынған алақанын барлық қағаз бетіне басып шығаруға қызығушылықтарын тудыру және үйрету; дайын ұжымдық жұмысты тамашалауда эмоциялық сезімдерге бөленуге жағдай туғызу. Балалардың бейнелеу оқу қызметінің қосалқы түріне қызығушылықтарын арттыру; көзбен түстерді қабылдауын, зейіні мен елестету қабілетін дамыту; сурет салудың қосалқы түрінің негіздерін қалыптастыру. "Кемпірқосақты жинайық" дамытушы ойын рефлексиясы. Дене шынықтыру. "Шынығамыз жазда". Мақсаты. Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруге үйрету; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын меңгеруге жаттықтыру; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру. Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру қабілетін дамыту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру дағдыларын меңгерту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру. "Менің көңілді добым" қимыл ойыны.	Көркем әдебиет. "Үш аю" ертегісі. Мақсаты. Балаларды "Үш аю" ертегісімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі желісінде кездесетін заттардың қасиеттерін, кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; адам мен жабайы аңдардың қатынасында қауіп бар екенін түсіндіруге тырысу. "Қандай зат кімдікі?" зейінді жаттықтыру. Музыка. "Жаз кереметтері". Мақсаты. Балалардың өздеріне жыл бойына өткен әндерден ұнағанын тыңдату және қайталату; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу қабілеттерін дамыту; топпен ән айту дағдыларын жаттықтыру. "Жазда қандай қызықтар болады?" дидактикалық ойыны.	Құрастыру. "Біздің көше". Мақсаты. Балаларды әртүрлі үйлердің, мұнаралар, қақпа, қоршау сияқты құрылыс үлгілерінің бірін жасап шығаруға үйрету; педагогтің тәсілдеріне және үлгіге қарап жасау қабілетін арттыру; өз құрылыс нәтижесін іс-тәжірибе және ойыншықпен ойнау арқылы тексеру қабілетін қалыптастыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен зейінін, ақыл-ойы мен байқағыштығын дамыту. Құрылыс нәтижесімен ойнату. "Ойыншықты қала көшелерінде ойнатайық". Дене шынықтыру. "Көпіршіктер жасаймыз". Мақсаты. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін ақырын адымдатып жүргізу, еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын жетілдіру; епті, жылдам, ұқыпты болуға тәрбиелеу. "Досымызбен жарасайық" ойыны.	Жаратылыстану. "Құмның қасиеті". Мақсаты. Балаларды құмның қасиеттерімен: көзбен көру, алақанға алу, себелету, алақанға қысу тәсілдері және ойындарға қатысу арқылы таныстыру; жаз мезгілі кезінде денсаулыққа пайдалы мүмкіндіктер туралы түсінік беру. "Құмнан бөліштер жасайық" іс-тәжірибе ойыны. Дене шынықтыру. "Тез өсеміз біз жазда". Мақсаты. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін ақырын адымдатып жүргізу, еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын бекіту, оқу қызметін пысықтау, доптарды қолдарын басынан жоғары көтеріп, алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру. "Лақтырайық көліктен домалаған доптарды" қимыл ойыны.	Музыка. "Жайма шуақ жазымыз". Мақсаты. Балаларды таныс әндердің сипатын түсініп, эмоционалды жауап беруге ынланадыру; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу, топпен ән айту қабілеттерін жетілдіру. "Үш гүл" дидактикалық ойыны.

Серуен	Көбелекті (қоңызды) бақылау. Мақсаты. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін. - Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар! Қорек іздеп жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар! "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.	Жаңбырлы күнді бақылау. Мақсаты. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету. "Жауын" - Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Мақсаты. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелендеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	Құмды бақылау. Мақсаты. Балаларға құрғақ құмның себелеп, қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса - Болады құм бауырсақтай. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" жаттығуы. Мақсаты. Балаларға құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға неғұрлым ары лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту. - Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, ары қарай, лақтырып көрейік. Құм қапшығын алайық, Алысқа лақтырайық. "Өткеншек" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, өткеншек, Айнала бер бізбенен.	"Дөңгелек салынған суреттерді бақылау" Мақсаты. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар? "Күлімдеген дөңгелектер". - Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер. Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті, Міне – күлімдеген мен, Міне, күлімдеген сен. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	Күнді бақылау. Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Балапандар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға үйрету, сигнал бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру. – Балалар, сендер "балапан" боласыңдар. Балапандар тауық қорада отырады. – Балапандарым, шығыңдар аулаға! Өзіне қарай ойын алаңына шақыру. – Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдерші. Қанаттарын қағып жүгіреді. Қалай қағады? Көрсетіңдерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру. – Балапандар! Өне, үлкен құс ұшып келеді! Жүгіріңдер қораға! Шақырулар айтылып жатқанда дауысты ақырындату керек, сонда балалар, бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып, отырады. "Шашылған асықтарды жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.
--------	---	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Жуыну әні" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру.	"Торғай мен автомобильдер" үстел ойыны. Мақсаты. Балаларға сигнал бойынша (машинаның келуі) қолдарындағы құстарды жан-жаққа "ұшыру" дағдыларын қалыптастыру; ойын сюжетіне ілесуге ынталандыру; зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Шарты: құстардың қимылдарын орындау, машинаның келуін сигнал ретінде қабылдау, қимылдарды өзгерту. Педагог балаларға қатпа қағазға басылған торғайлардың кескіндерін немесе ойыншықтарын үлестіреді. - Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіндерші. Балалар құстарды қолдарына алып, үстел үстінде ауада "ұшырып" ойнайды. Педагог балаларға "шиық-шиық" еліктеуіш сөздерін айтқыза алады. - Жарайсыңдар! - Балалар, торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың жемді шоқығанын үстел үстінде көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап отырады. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог ойыншық машинаны қолға алып, үстелмен, құстарға қарай жылжытады. - Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! Ұшыңдар жан-жаққа: Қыш! Қыш! Ойын екі рет ойнатылады. Ойын бірнеше рет ойнатылады.	Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша". Мақсаты. Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады). "Көктемгі бау-бақша". Жауындарды шақырып, Күнде күтіп жүреміз. Бау-бақшаның гүлдерін, Тамашалап көреміз. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова	"Биік және аласа үйлерді құрастырайық" үстел ойыны. Мақсаты. Балалары үшбұрыштар, шаршы, тіктөртбұрыш арқылы биік және аласа үйлерді құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз). Педагог балаларға қала көшелерінде тұрған биіктігі әртүрлі үйлерді (немесе геометриялық пішіндерден құрылған сызбаларды) көрсетеді. Балалар биік және аласа үйлерді құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады. Үйді салғым келеді, (шапалақтау) Қабырғасы керегі, (шапалақтау) Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Қатар-қатар кезегі. (жұдырықтарды бір-бірінің үстіне қойып, орындарын алмастыру) Д. Ахметова	"Түстер" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балаларды түстерді ажыратуға, атауға қызықтыру.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешіп, орнына апарып ілуге, салуға талпындыру.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Кір қысқыштармен жаттығулар. "Гүл".	С. Оспанов "Кемпірқосақ". - Қызыл-жасыл, Дөңгелек, Кемпірқосақ көрген ек. Бұлтқа апарар көпірдей Тұра қалған ол кенет. Қандай ғажап? Керемет!	"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы. - Сары күнге ұқ-сап, Біз жүреміз "сап-сап". Бұлт келсе қап-тап, Жаңбыр жауар "там-там".	"Қозы қалай қимылдайды?" - Қозы қалай қимылдайды? Денесін түзу ұстайды. Басын оңға-солға шайқап, Аяқтарын жинайды. Орнында тыныш тұрмайды, Секіреді, ойнайды. Д. Ахметова	- Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?"				

Тексерген; Бекишева.М.А. 